

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 703 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі N 964 Қаулысы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар жасаудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 маусымдағы N 703 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 26, 334-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 4-1, 4-2, 4-3-тармақтармен толықтырылсын:

"4-1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 164200000 (жүз алпыс төрт миллион екі жүз мың) теңге бөлсін, оның ішінде 9200000 (тоғыз миллион екі жүз мың) теңге Орталықтың жарғылық капиталын қалыптастыруға, 155000000 (жүз елу бес миллион) теңге "2004-2007 жылдарға арналған "Инфекцияға қарсы жаңа препараттар әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыруға.

4-2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4-3. Орталық сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) Орталықпен мемлекеттік сатып алулар туралы шарттың жасалуын;

1-2) осы қаулыға сәйкес бөлінетін қаражаттың оңтайлы тиімді және мақсатты жұмсалу қағидаттарының сақталуын";

көрсетілген қаулымен бекітілген "2004-2007 жылдарға арналған инфекцияға қарсы жаңа препараттарды әзірлеу" ғылыми-техникалық бағдарламасында:

"1. Бағдарламаның паспорты" деген бөлімде:

"Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері" деген жолда:

"арнап республикалық бюджеттен Бағдарламаның әкімшісіне көзделіп бөлінген қаражат негізінде және мемлекеттік тапсырыс шеңберінде" деген сөздер "арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"557,9", "380,1", "382,1" деген сандар тиісінше "164,2", "577,0", "578,9" деген

сандармен

ауыстырылсын.

"6. Қажетті ресурстар және қаржыландыру көздері" деген бөлімде:
бірінші абзацтағы "арнап республикалық бюджеттен Бағдарламаның әкімшісіне көзделіп бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен және шегінде мемлекеттік тапсырыс шеңберінде" деген сөздер "арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы: "557,9", "380,1", "382,1" деген сандар тиісінше "164,2", "577,0", "578,9" деген сандармен ауыстырылсын.

"8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген бөлімде:
"Ұйымдастыру іс-шаралары" деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

4	Қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын қалыптастыру	тіркеу	ҚР БҒМ, 2004	2004 жылғы IV тоқсан	2004 жылғы 9,2	Республикалық бюджет
---	---	--------	--------------	----------------------	----------------	----------------------

"Негізгі ғылыми-техникалық іс-шаралар" деген кіші бөлімде:
"Орындау (іске асыру) үшін жауапты" деген бағандағы реттік нөмірі 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 және 10-жолдардағы "Орталық" деген сөз мынадай редакцияда жазылсын: "ҚР БҒМ, Орталық";

6 - бағанда:

реттік нөмірі 1-жолда:

"297,3", "13,8*" деген сандар тиісінше "75,1", "63,4*" деген сандармен ауыстырылсын;

"2006 жыл - 36,5*, 2007 жыл - 36,5*" толықтырылсын;
реттік нөмірі 2-жолдағы "39,6*" деген сандар "59,5*" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "24,1*" деген сандар "44,1*" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдағы "157,1", "24,1*", "24,0*" деген сандар тиісінше "16,7", "97,6*", "97,5*" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдағы "59,7", "24,0*", "24,0*" деген сандар тиісінше "0,0", "50,5*", "50,5*" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолдағы "34,0*" деген сандар "44,0*" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 7-жолдағы "34,0*" деген сандар "48,3*" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 8-жолдағы "34,0*" деген сандар "48,3*" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 9-жолдағы "92,6*" деген сандар "52,2*" деген сандармен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 10-жолдағы "83,5*" деген сандар "53,0*" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК